

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№15
(937)

Бейсенбі, 14 сәуір 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Кәсіпкерлікке – кең өріс

«МОЛОКОМАТ» ҚОНДЫРҒЫСЫ АУДАНЫМЫЗДА



жөтерлік. Солардың өміріне, кәсіпкерлік салаға жаңа өзгеріс енгізген Қазақстанда тұңғыш рет қолданысқа енгізіліп отырған сиыр сүтін сататын «Молюкомат» қондырғысын орнатқан «Прекарное» ШҚ басшысы Бақыт Құсайынов.

Қазіргі таңда елімізде кәсіпкерлік кең өріс алып келеді. Ел кәсіпкерлерінің сапында біздің ауданымыздың да осы кәсіпкерліктің түрлі саласының бүге-шүгесін терең меңгерген азаматтары бірі - аудан тұрғындары өміріне, кәсіпкерлік салаға жаңа өзгеріс енгізген Қазақстанда тұңғыш рет қолданысқа енгізіліп отырған сиыр сүтін сататын «Молюкомат» қондырғысын орнатқан «Прекарное» ШҚ басшысы Бақыт Құсайынов.

нүктесіне қойылатыны жоспарланып жатыр. Ал қалған екеуі Новошиимка ауылына қойылмақшы.

Молюкоматтың сыйымдылығы 100 литр болатын картриджі күн сайын таңертеңгі уақытта сауылған сүтпен ауыстырылып отырылады. Ал сүт ауысып қалған жағдайда шаруашылық иелері ол сүтті келесі күнге қалдырмайды. Яғни, күн сайын ешқандай қауіпсіз молюкоматтың жаңа сауылған пастерленген сүтін қолдануымызға болады. 1 литр сүттің құны 150 теңге. Молюкоматтың бетінде арнайы басқарғыш түймелері бар. Сүтті 1 литр және 2 литр көлемінде алуға болады. Ал оданда көп мөлшерде алатын жағдайда, тоқтату түймесін басып, келесі ыдысты қойып қайтадан сүт құюды жалғастыруға

болады. Ақша қабылдағышы қағаз ақша түрінде және тиын түрінде де қабылдайды. Ақша қабылдағышы 10, 20, 50, 100, 200, 500 теңгеліктерді қабылдайды. Және қалдық ақшаны да қайтарады.

Ал егер молюкоматтың қалдық ақшаны қайтаруға тиыны болмаса, онда сол ақшаға тағы да сүт құйып алуға болады.

Сүт құйылатын картридж арнайы жүйемен, арнайы қоспаларымен тазаланып, буланып отырылады.

Молюкомат жүйесіне Ресей елі де тұтастай көшуге бет алса, Еуропа елдері 2000 жылғы түгелдей молюкомат қондырғысының қызметіне көшкен екен.

Молюкоматтың қолданысқа берілу салтанатында зейнеткер, «Алтын алқа» иегері Зура Алғожина кәсіпкерге ақ батасын



Мұндай қондырғы алғаш болып Айыртау ауданының орталығы Саумалкөл ауылындағы «Астана» дүкеніне орналастырылды.

Аталмыш қондырғының салтанатты ашылу шарасына аудан әкімі Ағзам Тастеміров қатысып, кәсіпкерге қолға алған ісінің жемісті болып, кәсібі өрге домалауына тілектестігін айта отырып, елімізге тұңғыш болып арнайы жүйемен жұмыс жасайтын аталмыш қондырғыны өкеліп, қарапайым тұтынушы халықтың өміріне оң өзгеріс әкелгені үшін үлкен алғысын білдірді. Жақында аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланып, сайлаушыларының сенімін ақтап, халық алдында ауыз толтырып айтарлықтай игі іс жасағандығын атап өтті.

Жеке кәсіпкер Бақыт Мәжитұлы бұл қондырғыны Ресей еліне жасаған іс-сапарында көзі шалып, еліне өкелуді жоспарлаған екен. Барлық саланың кез келген қызметі автоматтандырылып жатқан уақытта мұндай қондырғының болғаны әрі уақыт үнемдеу, әрі сапалы тауарға қиындықсыз қол жеткізу болып табылады. Жеке кәсіпкер молюкоматты «Молюковэнт» маркасымен Ресейдің Томск қаласындағы «Манета» зауытында тапсырыспен жасатқан көрінеді. Ол осындай 4 молюкоматты өз қаражаты есебінен 8,5 миллион теңгеге жасатыпты. Оның алғашқысы пайдаланушылар игілігіне беріліп үлгерсе, екіншісінің де Саумалкөл ауылының қай сауда

беріп, шашу шашты.

Ауыл тұрғыны, 2 баланың анасы Светлана Топчий: «Табиғи сиыр сүтіне еркін қолжетімді мүмкіндікті беретін мұндай қондырғының орналастырылғаны бізге үлкен көмек болды. Ауыл тұрғындары үшін осындай керемет қондырғы орнатып, көпшіліктің көңілінен шыға білген кәсіпкер Бақыт Мәжитұлына сүт өнімін көп пайдаланатын жас ана ретінде мен де үлкен рахметімді айтқым келеді», – деді.

2013 жылдан өз кәсібін бастаған Бақыт Құсайыновтың «Прекарное» шаруа қожалығында қазіргі таңда 230 бас ірі қара мал болса, оның 145-і сауын сиырлары. 1000 гектар жайылымы бар шаруа қожалығы 23 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. 2015 жылғы қожалық толықтай автоматтандырылған сиыр сауу жүйесіне көшкен екен.

Кәсіпті жасау мен жалғастыру оңай болғанымен, алғашқы болып алға шығу оңайға түспесі анық. Сондықтан алдағы уақытта Бақыт Мәжитұлы Құсайыновқа шаруасының шашауын шығармай жүргізуі үшін қажыр қайрат, жұмысшылары арасында өзара ауызбірлік, мемлекеттен барынша қолдау мен тұрақты тұтыншылар, ең бастысы елім деген ер жүрегінің, ерік-жігерінің рухы ортаймасын демекпіз.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретті түсірген автор.

ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫНА ҮНДЕУ

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

16 сәуір күні өлкеміздің барлық қалалары мен ауылдарында облыстық қайырымдылық сенбілігі өтеді.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 71 жыл толуына орай әкелеріміз бен аталарымыздың ерлігінің алдында бас ие отырып, өз өмірі мен денсаулығын құрбан етіп, бізге жарқын болашақ сыйлаған жандарға қамқорлық көрсету үшін барлықтарыңызды 2016 жылдың 16 сәуірінде болатын облыстық қайырымдылық сенбілігіне белсене қатысуға шақырамыз.

Ұйымдардың, ведомстволардың және меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындардың ұйымдары, оқушылар мен студенттерді, облыстың әрбір тұрғынын ұсынысымызды қолдауға және сенбілік күні көшелер мен аулаларды тазартуға шығуға, соғыс және еңбек ардагерлерінің, жалғызбасты мүгедектердің баспаналарын жөндеуге көмек көрсетуге, ортақ үйімзді, тұрғын өлкемізді түлетуге қолдан келерлік үлес қосуға шақырамыз.

Сенбіліктен түскен қаржыны қайырымдылық шараларын өткізуге және соғыс ардагерлерін қолдауға жұмсауды ұсынамыз.

Осы облыстық қайырымдылық сенбілік әкелер мен аталар ерлігіне бас иетін, оған бей-жай қарамайтын барлық солтүстікқазақстандықтарды біріктіретін күшке айналсын.

Қайырымдылық сенбілігіне әзірлік және оны өткізу жөніндегі штаб.

Құрметті айыртаулықтар!

Біздің барлығымыз үшін ерекше күн – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы халқымыздың Жеңісінің 71 жылдығы мерейтойы жақындап келе жатыр. Арамызда сол жылдардың куәсі болған жандар күн санап азайып келе жатыр, бірақ одан олардың ерліктері өз маңызын жоймайды, біздің жарқын өміріміз бен бейбіт болашақ атынан олар қашан да ұлы болып қала береді.

Жыл сайын Қазақстан Республикасында 9 мамыр қарсаңында дәстүрлі қайырымдылық сенбілігі өткізіледі. Аталмыш сенбіліктен түскен ақша Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, соғыста қаза тапқан батырлардың жесірлеріне, концтратты лагерьде болғандарға, құрсауда қалған Ленинградты қорғағандарға және қайырымдылық акциясын өткізуге бағытталады.

Біз барлық тұрғындарға қайырымдылық сенбілігіне белсене атсалысуға және еңбекақысының біркүндік ақшасын ардагерлерді ұлықтауға және қайырымдылық шараларын өткізуге шақырамыз.

Айыртау ауданының ардагерлер кеңесі.

ҚҰРМЕТТІ АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Ауданның елді мекендерін абаттандыру бойынша ұшайлық өткізуге байланысты 2016 жылдың 1 мамырына дейін Сіздерден келесі шараларды жүргізуді сұраймыз:

- Аумағыңызды тиісті санитарлық жағдайға келтіру (үйлер мен ғимараттар жанындағы аумақтан жолдың жүру бөлігіне дейін).
- Аумақты қатты қоқыс қалдықтарының үйіндісінен, қождаң, көңнен тазалау, арам шөптерін жүлу.
- Қоршаулардың жөндеу жұмыстарын жүргізу (сырлау, әктеу).
- Ағаштардың діңгегін өктеу.
- Міндетті түрде малдарды табынға жіберу.
- Елді мекеннің ішінде малдың өз бетімен жайылу және дөңді-дақылдар, мал азығы және басқа да дақылдарды басып бүлдіру, жеп кету фактілерін болдырмау.

Абаттандыру және жасыл екпелерді қорғау ережелерін сақтамаған жағдайда, осы ережелерді бұзған жеке және заңды тұлғалар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодекске сәйкес, жауапкершілікке тартылады.

Ауданның елді мекендерін абаттандыру жөніндегі штаб.

Тасқынға - тосқын

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ

Су тасқыны - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және көптелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу.

Сәуір айының 3-4-і күндері Светлый ауылында менің үйімнің маңы мен қорамды еріген қардың ағынды суы басып қалды. Осы уақытта дереу ауданның төтенше жағдайлар бөліміне қоңырау шалып, көмектесулерін өтіндім. Ауданның төтенше жағдайлар жөніндегі штаб төрағасының орынбасары Құрал Досымбеков арнайы ауылымызға келіп, үйімнің маңына және қора-қоспымызға су кеткенін байқады. Менің үйімде 85 жастағы қарт анам мен бауырым бар еді. Осы кезде үйімздің ішіне су жіберіп алмау үшін түні бойын ұйықтамай Қамсақты ауылдық округінің әкімі Жақсылық Беркімбаев қызметкерлерімен бірге, ауданның төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері, «Жарқын СК» ЖШС-і директорының орынбасары Ерік Әлібеков арнайы техника жіберіп, су арнасын үйімзден ары қарай ағызуға кіріседі. Осындай қысылтаң шайықтағы орта мектептің директоры Қонысбай Исмаков мектеп мұғалімдерімен және жоғарғы сынып оқушыларымен, өзімнің құрбым Клара Жүсіповалар кірпік қақпай сумен арпалыста болды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, тасқын судың дер кезінде алдын алғандары үшін барлығына аналық алғысымды білдіремін.

Қарапайым ауыл тұрғындарына қол ұшын созған жандарға аудандық газет арқылы алғысымды жеткізе келе, мейірімді жандарға зор денсаулық, еңбектерінің рахытын көрсін дегім келеді.

Айжан ЖАПАРОВА,
жалғызбасты ана. Светлый ауылы.

«Шанғал» ЖШС басшысы Амелина Екатерина Анатольевнаға қардың тез еруі кезіндегі арнайы техника бөліп, уақытында көмектескені үшін және сондай-ақ Амелин Александр Леонидовичке, Сәдуақасов Мақсат Болтаұлына, жұмысшылар С.К. Ганжа мен А. Писеревке үлкен алғыс білдіремін.

Г. МЫРЗАХМЕТОВА, Высокое БМ-нің мұғалімі.

Мен Саумалкөл ауылының Професиональная көшесінде тұрамын. Мұндай жерлерде қар уақытында тазаланбаса, көктемгі қардың ағын суы үйімзді шайып кетеді. Жыл сайын Володар ауылдық округі әкімдігіне көмек сұрап хабарласамын. Округ әкім Ерлан Сәдуақасов пен орынбасары Ербол Малаевқа қарапайым мұқтаж адамдардың, әсіресе қарт адамдарға деген түсініктеріңіз бен көмектеріңіз үшін ерекше алғысымды білдіргім келеді. Дендеріңіз сау болып, қызметте сәттілік пен игілікке көңеле берулеріңізге тілектеспін. Барлық жақсылықты тілеймін!

В.В. ДАНЧУК, зейнеткер.

Көкейкесті

Жаңа техникалармен толықты



Қыс мезгілінің қыңыр мінезі мен көктемнің алғашқы айларында болатын табиғаттың тосын мінезіне қатысты төтенше жағдайлардың орын алуы заңды құбылыс. Осындай жағдайларда аудандық, облыстық маңызы бар жолдарды қардан тазалап, боранды, дауылды, тайғақты кезеңдерде көліктер мен адамдарды қауіпсіздендіріп, елді мекендердегі су тасқынының алдын алу мақсатында мамандандырылған заманауи жаңа технологиялардың атқарар рөлі орасан зор.

Осыған орай 7 сәуір күні ауданның коммуналдық қызметі төтенше жағдайлар кезінде залалсыздандыру жұмыстарын атқаратын 3 бірлік техникамен толықты. Олар – ауыр техникаларды жедел тасымалдайтын «КАМАЗ» автокөлігі, ауыр салмақтағы бульдозер тракторы, «Орал» автокөлік базасындағы шнекті қар тазалағыш. Аталмыш техникаларды сатып алуға Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен қаржы бөлінген.

Аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының

төрағасы Ағзам Тастеміров техникаларды қарап шығып, облыс бойынша автокөлік жолдарының ең ұзыны Айыртау ауданында екенін атап өтіп, бұл техникалардың жылдың қай мезгілінде болмасын бізге қажет екендігін айтты. Қазіргі таңда еріген қар суының салдарынан бірнеше елді мекендердің жолдарына зиян келгендігін айтып, оларды қайта қалпына келтіру үшін ауыр техникалар керек екендігін алға тартты.

Аудан басшысы «Айыртау Су» ШҚЖ ҚМК басшысына техникаларды орналастыру, оларды білікті, тәжірибелі мамандарға тапсыру керектігін айтты. Сонда ғана техникалардың сапалық жағдайы мен атқарылған жұмыс көлемінің сапалы, әрі уақытында орындалуы көрінетін болады деді.

Осындай жауапты сәттерде азаматтық және қызметтік міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бүгінде төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттің тұрылым бөлімшелеріне қажетті техникалар алынып отыр. Ол өрт, су тасқыны, көлік апаты секілді жағдайларда қолданылады. Біз табиғаттың тосын мінезіне дайын болуымыз, ең алдымен, адамдарымызды, қоғам мүлкін аман сақтап қалуға күш салуымыз қажет. Сындарлы сәтте арнайы техникалардың көмегі зор болатындығы анық.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Семинар

БҮГІНГІ КҮНДЕГІ АУТИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Аутизм ауруы туралы қоғамның хабардарлығын арттыру мақсатында, ағымдағы жылдың 8 сәуірінде Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы Ә.О.Әубәкірова дүниежүзілік Аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату семинарына қатысты.

Интеллектуалды ұлт. Нұрлы болашақ

ШЕБЕРЛІККЕ ШЕК ЖОҚ

Табиғат-ананың адамзат баласына берген нығметі мен сый-сияпатында шек те жоқ, мін де жоқ. Он саусағынан өнері тамғаң қолына тиген кез келген шикі материалдан қандай да бір көрікті дүние жасап шығару, сірә, кез келгеннің қолынан келе қоймас. Шын мәнісінде, нысанана алған адамның сөздің емес, істің адамы екенін оның мінезіне қарап-ақ білуге болатын секілді. Істің адамы қашанда ой үстінде жүреді. Себебі, шақшадай басында шарадай тың жобалар туындап жатқанында, соларды көркем де, тартымды етіп шығарудың, жетілдірудің жолын іздеп жүреді емес пе!

Осындай тың жобалар мен тартымды қолөнер шығармашылық жұмыстарының авторы, Саумалкөл қазақ орта мектебінің технология пәнінің мұғалімі Өмірбек Мырзахметов шығармашыл жас ұстаз.



Өмірбек Бейбітұлы Мырзахметов 1989 жылы Сарыөзек ауылында дүниеге келген. Сарыөзек орта мектебін 4 сыныпқа дейін оқып, 5 сыныпты қазір өзі ұстаздық етіп жүрген Саумалкөл қазақ орта мектебінде жалғастырып. Бала жасынан бар-жоғы білінбейтін сабырлы, салмақты мінезімен темірдей төзім мен асқан шыдамдылықты қажет ететін сурет салуға, түрлі мүсіндер мен бұйымдар жасауға бейім өскен. Өз-өзін танып, өз болашағына асқан жауапкершілікпен қарап, туа бітті талантын ұштай білген Өмірбек Бейбітұлы өз шығармашылығының бастамашысы, өз-өзінің ұстазы. Өмірбек Мырзахметов Көкшетау қаласындағы «Көкше» университетінің «Дизайн» факультетін бітірген.

Қазіргі таңда мектептің кіре беріс бұрышында Өмірбек Бейбітұлы мен шәкірттерінің қолынан шыққан туындылар қолөнер бұйымдарының «Шеберлік бұрышы» деп аталады. Онда арнайы тақтаға ілінген суреттер мен түрлі материалдардан жасалған бұйымдар орналастырылған. Атап айтар болсақ, қарапайым ғана «Тау» деген аты бар еңселі, көлемді, кәдімгі тауға өте қатты ұқсайтын бір туынды тұр. «Тауды» жасау үшін ұстазы мен шәкірттері ерекше тапқырлық танытып, құрылысқа қажетті материалдар торды қажетті формаға келтіріп, оған құрылыстық көбікті құйған. Көбіксініп, ойлы-қырлы, қатпарлы тауға

ұқсаған Оған сұр бояу жағып, ұсақ тастар жабыстырған Қарап тұрсаң, қарапайым әдістер. Тек соларды ойлап тауып, шынайы формаға ұқсатып кескінін жасау оңай шаруа емес. Және бірнеше туындылар бар, жасалған материалдарына, салмағына қарап, тастан қашалған ба деп қаласың. Алайда, мұның да әдісі оңай, әрі қызықты. Қарапайым қағаз, газетті алып ыстық суға салып жібітіп, умаждап, умаждалған қағаздарды желімдеу арқылы жасалған.

«Мұндай әдіс арқылы, аң-құстар мен жан-жануарлардың бейнесін жасау тиімді. Егер мықтап умаждап, араларын біркелкі жабыстырса, ажырамайды. Қайта-қайта түзеп, уақыт оздырмайды. Негізі, қандай да бір бейнені ойла-нып, соны жүзеге асыру, ойындағыдай болмаса да, қайтпай еңбектену беру, ойындағыдай болып шықса балаша қуану секілді сезімдер маған ерекше шабыт сыйлайды. Мен мұндай мүмкіндігімді тек өзім ғана пайдалана бермей, ұстаздық қызмет атқарып жүрген соң, соңымнан шәкірт ертім келеді. Соларға аз да болса, себеп болғым келеді. Оқушы бойында бұғып жатқан таланттарды оятқым келеді. Шағырмашылық жұмыстарының арқасында бала ойының дамып, жетіле түсетіндігін жақсы білемін. Сондықтан балаларды қызықтыру үшін әр түрлі материалдар мен әр түрлі бейнелерді жасап көруге ұсыныс білдіремін. Су-

Дөңгелек үстелдің қатысушыларымен бірнеше сұрақтар қарастырылды, соның ішінде «Дәрігер қабылдауына жазылу» мемлекеттік қызмет бойынша, нақты тіс дәрігеріне; балалардың үйінде тегін оқытуын жеке ұйымдастыру бойынша, мектеп алдында жасындағы, аутизммен ауыратын балалардың ата-аналары кездеседі, оқыту мәселелері бойынша, олардың негізінде олардың шешу шаралары ұсынылды.

Сонымен қатар, семинар қатысушылары (бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, бұл ауруы бар балалардың ата-аналары) Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының функцияларымен, және етініш беру реті мен жағдайларымен таныстырылды.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

рет салуда да солай. Өз жұмысымды жетілдіріп отырғым келеді», — дейді шебер ұстаз.

Өмірбек Бейбітұлының бейнелеу өнері мен қолөнер жұмыстары қазіргі таңда бірнеше байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Солардың бірі өткен жылы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына орай өткен аудандық суреттер байқауында 3 орынға ие болған Шоқан атамыздың портреті. Сондай-ақ, Өмірбек Мырзахметовтың «Табиғат әлемі балалардың көзімен - 2013» облыстық байқауына оқушыларды дайындағаны үшін Жас натуралистер Одағы директорының мадақтама грамотасымен «Айыртау суретшілердің көзімен» аудандық суретшілер байқауына белсене араласқаны үшін мадақтама грамотамен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай мектеп директорының Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдығына орай мектеп директорының Құрмет грамотасымен марапатталған. Және де Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен берілген «Дизайн бойынша суретші-шебер» сертификатының иегері.

Өмірбек Мырзахметов бейнелеу өнері саласынан Нұрсұлтанбек Жігеров есімді шәкіртін осы өнердің қырсырын меңгеруге баулып жүргендігі, Нұрсұлтанбектің өзі талапталып, бағыт-бағдар сұрап, ізденетіндігін тілге тиег етті. Қазіргі таңда Нұрсұлтанбек Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған 11-19 сәуір аралығында өткізілетін «Сен тұратын мемлекет» атты суретшілердің аудандық сырттай байқауына қатысқалы жатыр екен. Болашақта сәулетші болуды армандайтын жас өрен сурет салудың графика түрімен және портрет салумен тереңдете айналысып жүр екен.

Қолөнер бұйымдарының жас шебері осы мектептің 9 сынып оқушысы Әсет Қосжанов қалашықтардың макеттерін жасаумен сүйіп айналысатын көрінеді. Әсет өз туындыларын комикстер, пенал, картондардың көмегімен жасайды. Еліміздің болашақ қалаларының болашақ сәулетшісін Өмірбек Мырзахметов дайындап жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен қатар, «Шеберлік бұрышында» көктем мезгілінің келуіне орай жыл құстарына арнап жасалған ұялардың арнайы топтамасы жасалған. Қолөнер бұйымдарының әрбірінші авторы жазылып қойылған. Бұл бұрышта негізінен Өмірбек Бейбітұлы оқушылардың жұмыстарын қойғандығын, оларды алға ұмтылып, жігерлендіру үшін, қызығу үшін олар жасаған дүниені өзгелердің тамашалап, бағалағаны өте маңызды екендігін айтты.

«Ұстаны соққан пышағынан таниды» демекші, қашанда қол еңбегі мен ой еңбегін ұштастыра отырып, өзіне де, өзгеге де қуаныш сыйлаптың қарапайым нәрселерден таңғалдыратын тамаша туындылар жасайтын шеберлердің қолы алтын.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА. Суретті түсірген автор.

Айыртау ауданы әкімінің 2016 жылғы 07 сәуірдегі № 20 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 4-бабының 5-тармағы 3) тармақшасына және 48-бабына, «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында қалыптасқан жағдайға байланысты елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің аудандық аумақтық кіші жүйесі қызметі төтенше жағдай режиміне енгізілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 07 сәуірден бастап туындаған болған құқықтық қатынастарға таралады.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2016 жылғы 08 сәуірдегі № 3695 болып тіркелген

Қоғам және заң

Гендерлік саясатқа көңіл бөлінуде

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік гендерлік саясат Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген және стратегия негізінде іске асырылуда.

Бұл тұрғыда мыңжылдық даму мақсаттары мен әйелдерге қатысты барлық түрдегі кемсітушіліктерді жою жөніндегі конвенция қағидаларына сүйенеді. Қазақстан үшін гендерлік индикаторлар анықталған. Сондай-ақ гендерлік теңдік стратегиясында шешім қабылдау деңгейіндегі нәзік жандылар үлесін 35 пайызға жеткізу көзделген.

Гендерлік саясат туралы қоғамда сан түрлі пікірлер бар. Бірі мақпал жатса ал енді бірі даптап жатыр. Сан түрлі пікірлерге құлақ түрсең, айтылған ойлар қамшының өріміндегі бірі мен бірі үйлесім тауып тұрғандай болады.

Саясатты даптаушылар ел өзіне тән болмысы мен қасиетінен айрылғалы тұр деп даңғазы болады. Жаһандану саясаты сөз болғалы ұлттық менталитет, әдет-ғұрып қыр астында қалды дегендер де аз емес.

Ата-бабаларымыздың ұстанған салт-дәстүріне үніліп көрсек әйелдерге деген кемсітушілік, қорлау, мүсіркеуден аулақ болған. Қазақ халқының ұлдары нәзікжандыларға қысымшылық көрсетіп жатпағаны баршаға мәлім. Керек десеңіз, бізде мемлекеттік хатшы, вице-премьер министр, судья, прокурор, депутат, сынды лауазымды қызметтердің тізгінін ұстап жүрген әйелдерде жетерлік. Және ондай әйелдер бізге гендерлік саясат жетпей тұрып орын алған болатын.

Біз гендерлік саясат келмей тұрып әйелдің орнын айқындап, қамқорлықтың сан қилы стратегиясын жасап қойған халықпыз. Қазіргі жүргізіліп жатқан гендерлік саясат ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешудің бастапқы қадамы, алғы шарты деп бағалау қажет.

Жалпы алғанда Қазақстанда басқа Орталық Азия мемлекеттерімен салыстырғанда Гендерлік теңдік едәуір жоғары деңгейде болып отыр. Өйткені бұл мәселе Қазақстанның Евроодақпен өте тығыз қарым қатынаста жұмыс атқарып жатқанын көріп отырмыз, Евроодақта гендерлік теңдікке қатысты форум-мында қозғалған мәселелердің бірі орталық азиядағы әйелдердің де құқықтарын талқылау болды. Осының бірі отбасының табиғи тепе-теңдігін, тыныштығын бұзуға бағытталған гендерлік саясат. Әйел теңдігі мәселесін қанша даурықтырғанмен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес.

Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Алла тағала еркек-әйел етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел немесе еркек етіп жаратар еді ғой. Еркек пен әйел үнемі табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бірін-бірі толықтырып отырады. Қазақ «Екі жарты бір бүтін» дегені рас. Әйел деңдегі жүрек болса, еркек сол деңдегі ақыл іспеттес. Жүректі ақылдан немесе ақыл жүректен артық деп айту мүмкін емес. Екеуі өз міндеттерін атқарған кезде ғана дене дұрыс қызметін жалғастыра алады. Сондықтан, әйел еркектен жоғары немесе төмендеу, жалпы алғанда дұрыс айтылған сөз емес.

Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясында мемлекеттік басқару органдар арасындағы әйелдер өкілеттілігін 30 пайызға дейін көтеру міндеті қойылған. 2010 жылы ол көрсеткіш 10 пайыз көлемінде ғана болған.

Стратегия — мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

Гендерлік теңдік стратегиясы 2006-2016 жылдар аралығындағы кезеңде еркектер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігіне қол жеткізу жөніндегі міндеттердің шешілуін көздейді, 9 бөлімнен тұрады.

Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жанысқа байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін жағдай жасауға ықпал ететін болады.

Қазіргі таңда барлық мемлекеттік мекемелерде осы гендерлік саясатқа қатысты мәселеге аса көңіл бөлініп отыр. Сонымен қатар бүкіл сот саласында да, оның ішінде Айыртау ауданының №2 аудандық соты да мемлекеттік қызметкерлер арасында гендерлік саясатқа қатысты түрлі тақырыптарда «дөңгелек үстелдер», «брифингтер» және семинарлар жиі өткізіліп, әр азамат өздерінің ой пікірлерімен бөлісіп отырады.

Мұның бәрі әйелдердің ерлермен қоғамның барлық саласында еңбек етуіне, білімін жетілдіріп, қызметте есуіне негіз болып отыр. Бұл жалпы қоғамның жетістігі деп білгеніміз жөн.

Қанат ӘБУБӘКІР, Айыртау ауданының №2 аудандық сотының төрағасы.

Акция

Қаруынды тапсыр да, сыйақы ал

Жарылғаш заттар және атыс қаруын қолдану арқылы құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы аумағында 2016 жылдың 15 сәуірінен тұрғындардан заңсыз сақталып жүрген жарылғыш заттарын және оқ-дәрі, атыс қаруларын сатып алу бойынша кезекті акция өткізіледі.

Аталмыш акция кезінде Айыртау ауданының тұрғындарын кімде заңсыз сақтауда атыс қаруы, оқ-дәрілер және жарылғыш заттары бар тұрғындарға ерікті түрде Айыртау ауданының ІІБ қару айналымын қадағалау және лицензиялау инспекциясы №27 кабинетке тапсыруларыңызды сұраймыз. Заңсыз сақтаудағы жарылғаш заттарды және оқ-дәрілерді ерікті түрде тапсырған тұлғалар өкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылмайды.

Тапсырылған атыс қарулары СҚО ІІД ЖКБ атуға жарамдылығын тексеруге жіберіледі, сонан соң маман шешімінен кейін тапсырылған атыс қаруына ақшалай қаражат төленеді.

Берік ШАЙГӨЗОВ, Айыртау ауданының ІІБ азаматтық және қызметтік қаруды бақылау тобының инспекторы, полиция майоры.

Ақпараттық хабарлама

Мүлікті, соның ішінде ақша қаражаттарын заңдастыру бойынша акция жалғасуда. Заңға енгізілген соңғы өзгерту осы рәсімдерді айтарлықтай жеңілдетті және мерзімін 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін узартты. Енді ақшаларды екі тәсілмен заңдастыруға болады.

Бірінші тәсілі: «Қазпошта» АҚ немесе банктің ағымдық шотына ақша аудару және тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы. Банктің ағымдық шотына аудару арқылы заңдастырылған ақшаның иелері өз қалауына қолдана береді, оны осы шотта сақтап қою қажеттілігі де жоқ.

Екінші тәсіл: қазақстандық банкінің банк шотына ақша аудармай-ақ, арнайы декларацияны тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына тапсыру тәсілі. Бірақ, бұндай кезде бюджетке 10% алым төленеді.

Заңдастыру салық жүктемелерінен босатады, өкімшіліктік және қылмыстық жауапкершіліктерді болдырмау және ел экономикасына қаржы салу мүмкіндіктерін береді. Заңдастыру отандық экономияны дамытуға бағытталған құпия рәсім болып табылады.

Айыртау аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXXVIII сессиясының 2016 жылғы 17 наурыздағы №5-48-1 шешімі

«2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармақ 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 «2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3545 тіркелген, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртау таңы» газетінде, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін

1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«1. 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемде бекітілсін

1) кірістер – 4 277 093,0 мың теңге, оның

ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 629 943,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 4 540,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсімдер – 15 517,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 3 627 093,0 мың теңге;

2) шығындар – 4 296 920,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 15 036,0 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 38 178,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 142,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 7 000,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алуға – 7 000,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (артықшылығы) – - 41

863,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылығын пайдалану) – 41 863,8 мың теңге, оның ішінде:

қарыздардың түсуі – 38 178,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 23 142,0 мың теңге;

бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 26 827,8 мың теңге.»;

8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«8. 2016 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) жергілікті атқарушы органдардың агроөнеркәсіптік кешен бөлімшелерін ұстауға;

2) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға;

3) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

4) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

5) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар

оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

6) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға, соның ішінде: мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту.

7) жергілікті бюджет шығынын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге.

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.»;

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса берілген).

2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан

қолданысқа енеді.

С.ПОНОМАРЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
XXXXVIII кезектен тыс сессиясының
төрағасы.
Р.ТІЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы.
«КЕЛІСПІЛДІ»
«Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
М.Рамазанова.
2016 жылғы 17 наурыз

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 07 сәуірінде № 3687 тіркелген. Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz сайтында жарияланған

Айыртау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы №5-48-1 шешіміне 1 қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты	Атауы		Сомa, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы	
1	01	1) Кірістер	4 277 093,0
		Салықтық түсімдер	629 943,0
		Табыс салығы	36 899,0
		2 Жеке табыс салығы	36 899,0
		03 Әлеуметтік салық	229 009,0
		04 1 Әлеуметтік салық	229 009,0
		1 Мемлекет салынатын салықтар	185 930,0
		3 Мүлікке салынатын салықтар	108 252,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	59 700,0
		5 Ырынғай жер салығы	7 490,0
		1 Ауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	172 405,0
		2 Ақциздер	3 530,0
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	150 840,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 900,0
		5 Ойын бизнесіне салық	135,0
		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған үкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 700,0
		1 Мемлекеттік бақ	5 700,0
2	01	Салықтық емес түсімдер	4 540,0
		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 890,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 890,0
		06 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		3 Негізгі капиталдағы сатудан түсетін түсімдер	15 517,0
		01 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
		03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 917,0
		1 Жерді сату	11 917,0
		Трансферттердің түсімдері	3 627 093,0
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 627 093,0
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 627 093,0

Санаты	Атауы		Сомa, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы	
1	01	1) Кірістер	4 277 093,0
		Салықтық түсімдер	629 943,0
		Табыс салығы	36 899,0
		2 Жеке табыс салығы	36 899,0
		03 Әлеуметтік салық	229 009,0
		04 1 Әлеуметтік салық	229 009,0
		1 Мемлекет салынатын салықтар	185 930,0
		3 Мүлікке салынатын салықтар	108 252,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	59 700,0
		5 Ырынғай жер салығы	7 490,0
		1 Ауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	172 405,0
		2 Ақциздер	3 530,0
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	150 840,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 900,0
		5 Ойын бизнесіне салық	135,0
		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған үкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 700,0
		1 Мемлекеттік бақ	5 700,0
2	01	Салықтық емес түсімдер	4 540,0
		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 890,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 890,0
		06 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		3 Негізгі капиталдағы сатудан түсетін түсімдер	15 517,0
		01 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
		03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 917,0
		1 Жерді сату	11 917,0
		Трансферттердің түсімдері	3 627 093,0
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 627 093,0
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 627 093,0

Санаты	Атауы		Сомa, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы	
1	01	1) Кірістер	4 277 093,0
		Салықтық түсімдер	629 943,0
		Табыс салығы	36 899,0
		2 Жеке табыс салығы	36 899,0
		03 Әлеуметтік салық	229 009,0
		04 1 Әлеуметтік салық	229 009,0
		1 Мемлекет салынатын салықтар	185 930,0
		3 Мүлікке салынатын салықтар	108 252,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	59 700,0
		5 Ырынғай жер салығы	7 490,0
		1 Ауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	172 405,0
		2 Ақциздер	3 530,0
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	150 840,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 900,0
		5 Ойын бизнесіне салық	135,0
		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған үкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 700,0
		1 Мемлекеттік бақ	5 700,0
2	01	Салықтық емес түсімдер	4 540,0
		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 890,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 890,0
		06 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
		3 Негізгі капиталдағы сатудан түсетін түсімдер	15 517,0
		01 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
		03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 917,0
		1 Жерді сату	11 917,0
		Трансферттердің түсімдері	3 627 093,0
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 627 093,0
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 627 093,0

	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	13 143,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	165 299,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	13 246,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	35 492,0
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	35 492,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	167 145,0
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	156 849,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 649,0
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	26 229,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	939,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 348,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	935,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	16 207,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 268,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 963,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	48 084,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	8 788,0
	017	Мүгедектерді оңалту және бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	18 439,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10 296,0
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	10 296,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	93 425,3
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 722,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	16 727,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 740,0
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	195,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	500,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1 560,0
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	3 156,0
	024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	3 156,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	54 212,0
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3 000,0
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	25 000,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелері қолдануды ұйымдастыру	25 000,0
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 212,3
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	9 295,0
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	9 295,0
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	4 040,0
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	4 040,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	152 771,0
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	97 240,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 504,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	43 208,0
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	40 883,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	535,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 110,0
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	19 704,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік-сәнімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 261,0
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 900,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	4 543,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	32 827,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 885,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 072,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 030,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	20 840,0
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	3 000,0
	008	Спорт объектілері дамыту	3 000,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	130 661,8
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 875,0
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	15 875,0
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	17 995,0

Білім беру

Бақ сынар күн жақын қалды, жас түлек!

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) - орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілетін, жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі.

Тестілеу мақсаты: жоғары сапалы білім мен жоғары білімге қол жеткізуде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін оқытудағы жетістіктердің сыртқы тәуелсіз бағалау жүйесін құру.

Тестілеу міндеттері: бірыңғай өлшеу материалдарының көмегімен білім беру сапасын басқару және мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету, білім беру сапасын бағалауда әділдік пен нақтылықты көтеру.

Білім грантына қол жеткізу үшін әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету.

ҰБТ-ны тапсыруға ерікті негізде жалпы орта білім берудің білім бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілері жіберіледі.

ҰБТ қазақ және орыс тілдерінде бес пән бойынша: қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика, қазақстан тарихы, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі және таңдаған мамандыққа байланысты таңдау пәнінің біреуі бойынша өткізіледі. Арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін шығармашылық мамандықтарына түсуші бітірушілер үшін таңдау пәні - ерікті.

ҰБТ тапсырудан өз еріктерімен бас тартқан оқушылар өздері тәлім алған мектептерінде дәстүрлі емтихан тапсыратын болады.

ҰБТ тапсыру орны Саумалкөл №2 мектеп-гимназиясы. ҰБТ тапсыруға арнайы аудиториялар бөлініп берілген. Барлық аудиториялар арнайы бейне-камералармен толық жабдықталған. ҰБТ кезінде ұялы байланыс желілеріне арнайы тұншықтырғыштар қойылады. Тыйым салынған заттарды алып кірмес үшін металіздігіштер пайдаланылады.

ҰБТ-2016 тест тапсырмалар қоры: логикалық түрдегі тест тапсырмалар саны көбейді,

тест тапсырмасына диаграммалар, суреттер, кестелер, сызбалар (биология, география, химия, математика, физика пәндеріне) қосылды және тарихи құжаттар, жазба дереккөздерімен, мәтінді түсініп ұғыну мақсатындағы тест тапсырмаларымен жаңартылды.

ҰБТ жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының шеңберінде жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген тест тапсырмаларының көмегімен 1-15 маусым аралығында өткізіледі. Әрбір пән бойынша тест тапсырмасының саны – 25. ҰБТ-ны өткізуге 3,5 (үш жарым) астрономиялық сағат (210 минут) бөлінеді.

Бітірушіге сөйлесуге, бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, емтихан материалдарын басқа бітірушімен

ауыстыруға, көшіріп жазуға, шпаргалкаларды, оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді, калькуляторды, фотоаппаратты, мобильді байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшетниктер, iPad, iPod, iPhone, SmartPhone), ноутбуктарды, плеерлерді аудиторияға кіргізуге және пайдалануға рұқсат етілмейді.

Бітіруші осы қағидаларды бұзған жағдайда Министрлік өкілі тыйым салынған заттың тәркіленуі және бітірушіні аудиториядан шығару туралы актісін жасайды және тест нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды. Бітірушінің осы Қағидалардың бұзу фактісі туралы мемлекеттік комиссияның төрағасын хабардар етеді.

Бітірушіні аудиториядан шығару және оның тест нәтижелерін жою туралы шешім қабылданған жағдайда ол өзі білім алған білім беру ұйымында дәстүрлі емтихандар нысанында қорытынды аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте, ол ағымдағы жылы жоғары оқу орнына түсу құқығынан айырылады.

Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, ҰБТ-ға қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде апелляцияны қарау жөніндегі апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия тестілеуге қатысушылардан тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер қабылдайды және қарайды.

Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер тестілеу нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 14.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады. Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, ҰБТ-ға жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

ҰБТ тапсырған бітірушілерге:

- сертификат;
- жалпы орта білімі туралы аттестат (бұдан әрі – аттестат) беріледі.

Сертификат ҰБТ тапсырған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде ҰБТӨП-те беріледі. Сертификатқа ҰБТ шеңберінде тапсырылған әрбір пән бойынша балдары қойылады.

